Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
2015 жылғы «10» ақпан № 61
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
2015 жылғы «16» ақпан № 100
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
2015 жылғы «11» ақпан № 85
бірлескен бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөніндегі 2015-2018 жылдарға арналған
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі	Қажетті қаржы көлемі (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1. Нормативтік-құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету					
1.1.	Қосымша білім беру жүйесін, оның ішінде техникалық шығармашылықты дамыту бойынша ***Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына*** өзгерістер енгізу: 1) «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары, оның ішінде техникалық және туристік-өлкетану бағыттары бойынша ұйымдардың саны»	БДМБ-ға, СЖ-ға толықтырулар енгізу	ҚР БҒМ ҚР ҚМ ҚР ӘМ	2015 жылдың 1-2 тоқсаны	Қажет етілмейді

	2) «Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы оқушылардың жалпы санынан қосымша біліммен қамтылған балалардың үлесі»				
1.2.	Негізгі мектептерде оқытылатын (6-9 сыныптар) ***«Ғылыми-техникалық бағыттың жобалық қызметі» курсы бағдарламасын*** енгізу	Бағдарлама жобасы	ҚР БҒМ	2015 жылғы 1 қыркүйектен бастап	РБ-да көзделген қаражат шегінде
1.3.	Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру жөнінде ***әдістемелік нұсқаулық*** хат дайындау	Әдістемелік нұсқаулық хат	ҚР БҒМ	2015 жылғы 15 тамызға дейін	Қажет етілмейді
1.4.	***Әдістемелік ұсынымдарды*** әзірлеу: - «Балаларға арналған инновациялық парктерде балалардың техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту»; - «Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму болашағы».	Әдістемелік хат	ҚР БҒМ	2015 жылғы 1 тамызға дейін	РБ-да көзделген қаражат шегінде 6735,5 мың теңге 2 481,5 мың теңге 4254,0 мың теңге
1.5.	Балалар ғылыми-техникалық шығармашылығының білім беру бағдарламаларының жинағын және әдістемелік ұсынымдарын әзірлеу	Әдістемелік ұсынымдар	ҚР БҒМ	2015 жылғы 1 шілдеге дейін	РБ-да көзделген қаражат шегінде 2836,0 мың теңге

1.6.	***Деректердің электрондық банкін*** қалыптастыру: - қабілетті және талантты білім алушыларды оқыту үшін техникалық бағыттағы авторлық оқу бағдарламалары, оны үнемі толықтыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету - Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБбДҚ) шеңберінде ғылым мен техника саласында балалар мен жастардың үздік идеялары	Білім беру бағдарламаларының банкі	ҚР БҒМ	2016 жылғы 1 маусымға дейін	РБ-да көзделген қаражат шегінде
2. Әлеуметтік ынтымақтастық ресурстарын қолдану					
2.1.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының базасында Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөнінде Республикалық үйлестіру кеңестерін және өңірлік кеңестер құру	Үйлестіру кеңесі Аумақтық кеңес	ҚР БҒМ ЖАО	2015 жылдың 3-тоқсаны	Қажет етілмейді
2.2.	Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру бойынша өңірлік жоспарлар әзірлеу	Өңірлік жоспарлар	ЖАО	2015 жылғы 1 маусымға дейін	Қажет етілмейді
2.3.	2015-2018 жылдарға арналған қосымша білім беру жүйесінің техникалық шығармашылық нысандарын ашу мүмкіндіктерін қарастыру, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде	ҚР БҒМ-не ақпарат	ЖАО	2015-2018 жылдар	Көзделген қаражат шегінде (ЖБ)

2.4.	Тұрғын үй құрылысын жоспарлағанда ғимараттардың бірінші қабаттарында балалар бос уақыт орталықтарының, оның ішінде техникалық шығармашылықтың жұмыс істеуі үй-жайларды қарастыру. Мектептердегі бос үй-жайларды балалардың бос уақыттарында жұмыс істейтін орталықтар, оның ішінде техникалық шығармашылық үшін беруді қарастыру. Тұрғын үй кешендерін толық жоспарлау және әзірлеу кезінде аула клубтарының болуын қарастыру	ҚР БҒМ-не ақпарат	ЖАО	2015-2018 жылдар	Көзделген қаражат шегінде (ЖБ)
2.5	Білім беру ұйымдарында, оның ішінде интернаттық ұйымдарда техникалық шығармашылық үйірмелерін ашу	ҚР БҒМ-не ақпарат	ЖАО «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы	Жыл сайын 1 қазанға	ЖБ-да көзделген қаражат шегінде РБ-да «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы 2015 ж.- 99,8 мың теңге
2.6.	Колледж, ЖОО-ның жанынан жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары үшін техникалық бағытта орталықтар (үйірмелер) ашуды қарастыру	ҚР БҒМ-не ақпарат	ЖАО	Жыл сайын 1 қазанға	Көзделген қаражат шегінде (ЖБ)

2.7.	Техникалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіру мүмкіндіктерін қарастыру	ҚР БҒМ-не ақпарат	ЖАО	Жыл сайын 1 қыркүйекке	Көзделген қаражат шегінде (ЖБ)
2.8.	Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қосымша білім беру ұйымдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу	ҚР БҒМ-не ақпарат	ЖАО	Жыл сайын жарты жылдық бойынша	Қажет етілмейді
3. Техникалық шығармашылықты көпшілікке таныту бойынша іс-шаралар					
3.1.	«Өз кәсібінің үздігі» Республикалық кәсіби шеберлік конкурсын өткізу	ҚР БҒМ бұйрығы	ҚР БҒМ ЖАО	2015-2017 жылдар, жыл сайын мамырда	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 2 555,0 мың теңге 2015 жылы– 795,0 мың теңге 2016 жылы – 850,0 мың теңге 2017 жылы – 910,0 мың теңге
3.2.	Мыналарды өткізу: - Техникалық шығармашылық пен өнертапқыштықтың республикалық және өңірлік жарыстары (әуе, ракето, авто, кеме моделдеу, робототехниканың белсенді үлгілері);	Министрге ақпарат	ҚР БҒМ ЖАО	2015 жыл, маусым	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 5 300,0 мың теңге ЖБ-да көзделген қаражат шегінде
	Робототехника бойынша республикалық жарыстар.	Министрге ақпарат	ҚР БҒМ ЖАО	2015 жыл	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.060.000)** 19 153,5 мың теңге

	Қосымша білім берудің барлық бағыттары бойынша «Кәсіптер әлемін ашамыз» республикалық форумы	Министрге ақпарат	ҚР БҒМ ЖАО	2016 жыл, II жарты жылдық	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 2016 жылы - 9000,0 мың теңге
	- ЭКСПО – 2017-ге дайындық шеңберінде Жас экологтардың республикалық форумы (Жасыл экономика)	Министрге ақпарат	ҚР БҒМ ЖАО	2016 жыл, II жарты жылдық	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 2016 жылы - 4801,0 мың теңге
	- «Ашық ғарыш» бақылау бағдарламаларының республикалық конкурсы	Министрге ақпарат	ҚР БҒМ ЖАО	2016-2017 жылдары, жыл сайын наурыз-қараша	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 1 623,0 мың теңге 2016 жылы – 784,0 мың теңге 2017 жылы – 839,0 мың теңге
	- Жас ғарышкерлер мен астрономдардың ашық республикалық слеті	Министрге ақпарат	ҚР БҒМ ЖАО	2015-2017 жылдары, жыл сайын сәуір-маусым	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 15355,0 мың теңге 2015 жылы– 4711,0 мың теңге 2016 жылы – 5142,0 мың теңге 2017 жылы – 5502,0 мың теңге

3.3.	Ғылыми-техникалық бағытта халықаралық зияткерлік іс-шараларды өткізу**:** - Ұ. Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша зерттеу жобаларының Халықаралық конкурсы	ҚР БҒМ бұйрығы	ҚР БҒМ ЖАО	2015-2017 жылдары, жыл сайын I жарты жылдық	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 5 304,0 мың теңге 2015 жылы– 702,0 мың теңге 2016 жылы – 2223,0 мың теңге 2017 жылы – 2379,0 мың теңге
	- «Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулер бойынша Халықаралық ғылыми жарыстар	ҚР БҒМ бұйрығы	ҚР БҒМ ЖАО	2015-2017 жылдары, жыл сайын I жарты жылдық	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 9980,0 мың теңге 2015 жылы– 2952,0 мың теңге 2016 жылы – 3395,0 мың теңге 2017 жылы – 3633,0 мың теңге
	- 27-ші информатика (IOI) бойынша Халықаралық олимпиада	БҒМ, ІІМ, СІМ, ДСМ, МСМ мен Алматы қаласының әкімдігімен біріккен бұйрығы	ҚР БҒМ ЖАО	2015-2017 жылдары, қаңтар-желтоқсан	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 197 741,0 мың теңге 2015 жылы– 192658,0 мың теңге 2016 жылы – 2458,0 мың теңге

					2017 жылы – 2630,0 мың теңге
3.4.	Ғылыми-техникалық бағытта халықаралық зияткерлік іс-шараларға қатысу: - Ғылым мен техника (IntelSEF) бойынша Халықаралық жарыстар– АҚШ; - Халықаралық жазғы компьютерлік мектеп (Ресей)	ҚР БҒМ бұйрығы	ҚР БҒМ	2015 жыл, мамыр-тамыз	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 1 852,0 мың теңге
3.5.	«Балдәурен Style» жас таланттардың шығармашылық шеберханасы» тақырыптық ауысымдарды жыл сайын өткізу	Тақырыптық ауысымдар	ҚР БҒМ	2015 -2018 жылдары (жеке кесте бойынша)	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.09.100)** 8000,0 мың теңге 2015 жылы– 2000,0 мың теңге 2016 жылы – 2000,0 мың теңге 2017 жылы – 2000,0 мың теңге 2018 жылы – 2000,0 мың теңге
3.6.	«Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында техникалық шығармашылықты дамыту бойынша іс-шаралар циклін ұйымдастыру (техникалық шығармашылық көрмелері, «Қосымша білім беру жүйесінде ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту» дөңгелек үстел, Халықаралық балалалар орталықтарымен «Қосымша білімдегі инновациялық технологиялар» тақырыбында он-лайн телекөпір)	Іс-шаралар	ҚР БҒМ	2015-2016 (жеке кесте бойынша)	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.09.100)** 2 766,0 мың теңге

3.7.	Өңірлердегі оқушыларды экскурсиялармен: - Астана қаласы Оқушылар Сарайындағы Ұлттық интерактивті паркке; - өңірдегі өндірістік мекемелерге; - ЖОО-дары жанындағы қолданыстағы технопарктерге; - «ЭКСПО -2017» көрме кешеніне қамтамасыз ету	БҒМ-не ақпарат	ЖАО	тоқсан сайын	ЖБ-да көзделген қаражат шегінде
3.8.	Техникалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру	Курстар	ҚР БҒМ ЖАО	2015-2018 жылдары (жеке кесте бойынша)	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.023.000)** 7000,0 мың теңге 2015 жылы– 1 600,0 мың теңге 2016 жылы – 1 700,0 мың теңге 2017 жылы – 1800,0 мың теңге 2018 жылы – 1900,0 мың теңге
3.9.	Ғылымның негіздері бойынша Қазақстан олимпиада командаларына оқу-жаттықтыру жиындарын өткізу	Оқу-жаттықтыру жиындары	ҚР БҒМ	2015-2017 жылдары, жыл сайын оқу жылы бойы	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.000)** 28369,0 мың теңге 2015 - 8940,0 мың теңге 2016 - 9386,0 мың теңге 2017-10043,0 мың теңге

3.10.	Педагогтер мен психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және кеңес беру, оқушылардың бейімділіктеріне бейіндік диагностиканы қамтамасыз ету	Талдамалық баяндама	ҚР БҒМ ЖАО	2015 жылғы 1 желтоқсан-ға дейін	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.008.101)** 62500,0 мың теңге
3.11.	***Мыналарды:*** - қосымша білім беру жүйесінің республикалық ғылыми-танымдық ***сайтын;*** - техникалық шығармашылықпен шұғылданатын балалар мен жастардың ***ғаламтор-бірлестіктерін***; - республикалық ***балалардың ғылыми-танымдық журналдарды дамыту***	Республика-лық сайт Журналдар	ҚР БҒМ	2015 жылғы 1 желтоқсан-ға дейін	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.008.101)** 5349,0 мың теңге
3.12.	Мыналарды: - «Зияткерлік танымдық ойындар мен конкурстарды» ***теледидарлық бағдарламалар циклі***; - оқушыларға арналған ***танымдық фильмдерді құру***	Теле-бағдарламалар	ҚР БҒМ	2015 жылғы 1 қарашаға дейін	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.008.101)** 99500,0 мың теңге 12 000,0 мың. 87 500,0 мың теңге
3.13.	«ЭКСПО-2017» міндеттерін іске асыру шеңберінде балалардың ***ғылыми-техникалық шығармашылығының Халықаралық көрмесін өткізу***	Көрме	ҚР БҒМ	2016-2017 жылдары Жыл сайын 3 тоқсан	РБ-да көзделген қаражат шегінде **(ББ 225.010.00)** 12665,0 мың теңге 2016 - 6118,0 мың 2017 - 6547,0 мың теңге

Аббревиатуралар:

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ҚР ӘМ – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЖАО – Жергілікті атқарушы органдар
РБ – Республикалық бюджет
ЖБ – Жергілікті бюджет